## Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдегі мекемелері қызметкерлерінің лауазымдық жалақысының схемасы туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 10 қыркүйек N 867. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдегі мекемелері қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді жетілдіру және кәсіби шеберлігінің өсуін ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдегі мекемелері қызметкерлерінің шет ел валютасындағы лауазымдық жалақысының схемасы N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдегі мекемелері қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының төлем құралдарындағы лауазымдық жалақысын Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің орталық аппараты қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына теңестірудің схемасы N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдегі мекемелері қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының төлем құралдарындағы жалақысы Сыртқы істер министрлігі орталық аппараты қызметкерлерінің лауазымына теңестірілген жалақының 50 проценті мөлшерінде белгіленсін.

Мұндай жағдайда Елшілердің Қазақстан Республикасының төлем құралдарындағы лауазымдық жалақысы бұрын атқарған мемлекеттік қызметіндегі жалақысының 50 процентін құрайды, бірақ Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасарының жалақысынан төмен болмайды.

4. Дипломатиялық дәрежесі мен шет ел тілін білгені үшін үстемеақы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің орталық аппараты қызметкерлеріне арналып белгіленген тәртіп пен мөлшерде ақшалай қаржымен төленеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 10 қыркүйектегі
N 867 қаулысына

N 1 қосымша

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі мекемелері қызметкерлерінің шетелдік валютадағы лауазымдық жалақысының

СХЕМАСЫ

| Лауазымдық атауы | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі мекемелері қызметкерлерінің шетелдік валютадағы лауазымдық жалақысының деңгейі /елшінің жалақысымен салыстырғанда процент есебімен/ |
|---|---|
| Елші, Қазақстан Республикасының БҰҰ жанындағы өкілі | 100 |
| Өкіл, кеңесші-өкіл, Қазақстан Республикасының БҰҰ жанындағы өкілінің бірінші орынбасары /орынбасары/, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйым жанындағы өкілі | 95 |
| Бас консул-мекеме басшысы, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйым жанындағы өкілінің орынбасары | 93 |
| Консул-мекеме басшысы | 90 |
| Кеңесші | 87-92 |
| Бас консулдықтағы консул | 82-87 |
| Бірінші хатшы, бас бухгалтер | 77-82 |
| Екінші хатшы, бөлім /референтура, консул,баспасөз/ меңгерушісі, бас консулдықтағы вице-консул, консулдықтағы вице-консул, консулдық агент, аға бухгалтер | 72-77 |
| Үшінші хатшы, инженер, бухгалтер | 67-72 |
| Атташе, референтура бөлімінің меңгерушісі, дәрігер | 62-67 |

| | |
|---|---|
| Аға референт, аға стажер-референт, хатшы /бас консулдықтың, консулдықтың,консулдық бөлімнің/ аудармашы | 57-62 |
| Референт, хатшы-референт, стажер-референт, шет тілдердің оқытушысы | 52-57 |
| Меңгеруші/шаруашылық, кеңсе, гараж/ комендант, техник, кезекші референт | 50 |
| Стенографияшы, телетайпшы, радист, кітапханашы, механик, жүргізуші-механик | 45 |
| Кезекші комендант, кассир, машинкашы, арнаулы күзет курьері, бағбан, аспаз, медбибі, білікті жұмысшы, жүргізуші | 40 |
| Аула сыпырушы, күзетші | 35 |
| Қызмет көрсетуші басқа да қызметшілер /үй сыпырушы,әр түрлі жұмыстар істеуші және басқалар/ | 26 |

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 10 қыркүйектегі
N 867 қаулысына
N 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдегі мекемелері қызметкерлерінің лауазымдарын министрліктің орталық аппаратының лауазымдарына теңестіру

С Х Е М А С Ы

| Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдегі мекемелерінің лауазымдары | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі орталық аппаратының лауазымдары |
|---|---|
| Елші, Қазақстан Республикасының БҰҰ жанындағы өкілі | Министрдің бірінші орынбасары |
| Өкіл, кеңесші-өкіл, Қазақстан Республикасының БҰҰ жанындағы өкілінің бірінші орынбасары /орынбасары/, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйым жанындағы өкілі | Министрдің орынбасары |

Бас консул - мекеме басшысы, Қазақстан Басқарма бастығы Республикасының халықаралық ұйым жанындағы өкілінің орынбасары
Консул-мекеме басшысы Басқарма бөлімінің бастығы
Кеңесші, бас консулдықтағы консул Кеңесші
Бірінші хатшы Бірінші хатшы
Екінші хатшы, бөлім /консулдық, Екінші хатшы баспасөз/меңгерушісі, бас консулдықтағы вице-консул,консулдықтағы вице-консул, консулдық агент
Үшінші хатшы Үшінші хатшы

Атташе Атташе

Аға референт,аға стажер-референт, Аға референт хатшы/бас консулдық,консулдық, консулдық бөлім/, аудармашы
Референт, хатшы-референт, стажер-референт Референт

Бас бухгалтер Бас маман
Аға бухгалтер, референтура Жетекші маман
Референтура бөлімінің меңгерушісі, бухгалтер, инженер, дәрігер, шет тілдер оқытушысы I санаттағы маман
Референтураның аға референті II санаттағы маман
Кеңсе меңгерушісі маман
Кеңсе меңгерушісі Кеңсе меңгерушісі
Шаруашылық меңгерушісі Шаруашылық меңгерушісі
Комендант, кезекші комендант Комендант
Кассир Кассир
Стенографияшы I санаттағы стенографияшы
Машинкашы I санаттағы машинкашы

ЕСКЕРТУ: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдегі мекемелері техникалық қызметкерлерінің бұл схемаға енгізілмеген лауазымдық жалақысы

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі белгілейтін тиісті лауазымдық жалақыларға теңестіріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК